

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Сырым аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нің 2017 жылдың 10 айы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылғы 30 қазанынан 1 қараша аралығы кезеңінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобымен (одан әрі – жұмыс тобы) заңдар, кодекстер мен нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Атап айтсақ «Сырым аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекеме қызметкерлері төмендегідей Кодекс, заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді жұмыс барысында пайдаланды.

Сырым аудандық жер қатынастары бөлімінің қызметін қозғайтын: 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қағидалары», Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары», Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №568 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды» жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығымен, 2016 жылғы 16 қарашадағы № 430 «Сырым аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік

мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 21 желтоқсан Сырым ауданы Әділет басқармасында тіркелген «Сырым аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін мамандар қызметте басшылыққа алып жұмыстанған.

Бөлімнің құрылым және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілді. Бөлім қызметшілерінің штаттық саны барлығы 4, соның ішінде 2 әкімшілік мемлекеттік қызметші, 2 қызметкер келісімшарт негізінде жұмысқа қабылданғандар (Г.С.Бижанова, К.Ж.Нигметжанова).

2017 жылдың II тоқсанында бөлімнің есепшісі ағымдағы жылдың 15 мамыр – 17 қыркүйек аралығында жүктілікке және босануына байланысты демалыс берілді. Бөлімге есепші болып келісім-шарт негізінде ағымдағы жылдың 6 маусымынан бастап уақытша мерзімге 15 қыркүйекке дейін К.Нигметжанова жұмысқа қабылданды. Сонымен бірге ағымдағы жылдың 25 қыркүйегінің № 6 бұйрығымен 01.01.2018 жылға дейін мерзімі ұзартылды.

Екі мемлекеттік қызметшіде аттестациядан өткен. Уашев Өтеген Қайыржанұлы аттестаттау комиссияның қорытындысының шешімімен – атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді және мемлекеттік лауазымын жоғарылатуға ұсынылған. Тулегенов Бердес Беркінұлы аттестаттау комиссияның қорытындысының шешімімен – атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер мен мүлкі туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер басқармасына уақытында тапсырған. Штат құрамында бос орын анықталмаған.

Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Бөлімде төмендегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсетіледі:

1. Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;
2. Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту;
3. Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру;
4. Суармалы егістікті суарылмайтын алқап түрлеріне ауыстыруға рұқсат беру;
5. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;
6. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру;
7. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

2017 жылдың 10 айында барлығы 212 мемлекеттік қызмет, соның ішінде 28 қызмет «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» стандартына, 155 қызмет «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» стандартына, 23 қызмет «Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту» стандартына, 3 қызмет «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» стандартына және 3 қызмет «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру» стандарты бойынша көрсетілген.

